

II тур
10-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық, Саналы жан көрмедім, сөзді ұғарлық. Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.. Үзінді қай өлеңнен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.
2.	Қазақ әдебиеті	а) Шығарманың композициялық құрылымы. ә) Ғылыми-фантастикалық жанр дегеніміз не?
3.	Қазақ тілі	1. Кітаби тіл деген не? Оған тән белгілерді санамалап айтыңыз. 2. Кірме сөздердің емлесі туралы айтыңыз. 3. Бейүндес сөздер дегеніміз не? Жасалу жолдарына және емлесіне тоқталыңыз. 4. Ауызша сөйлеудің түрлері. 5. Сөйлеу кезінде жіберілетін қателіктер.
4.	Қазақ тілі	Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. <i>Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, ділмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.</i> <i>Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.</i> <i>Мен не көрмедім? Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Әліде үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім.</i> <i>Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс</i>

		<p><i>болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім. Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...</i></p> <p style="text-align: right;"><i>(М.Дулатұлы)</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәтінге атау беріңіз. 2. Мәтін түрін анықтаңыз (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау). 3. «Жарға соққан толқындай», «наркескендей» сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз.
5.	Тіл мәдениеті	Мәңгілік ел идеясы

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут